



«Бекітпді»

Mambetova

ЖШС Қуан-Нұр

«Кәусар» жеке бөбекжайы

менгерушісі: Н.Б.Мәнбетова

«Келісемін»

Mambetova

ЖШС Қуан-Нұр

«Кәусар» жеке бөбекжайы

әдіскер: Н.Б.Мамбетова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024- 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Топ: «Ерке»,әр түрлі жас тобы (Ересек-мектепалды)

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка

Музыка жетекшісі: Салихова Қ

Білім беру ұйымы: «Кәусар» жеке бөбекжайы

Топ: «Ерке»әр түрлі жас топ

Балалардың жасы: 4,5 жастағы балалар

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет Музыка	
Қыркүйек	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	
	4ж	5ж.
	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау ережелерін сақтау). Ән айту:Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау,әуенді дұрыс,нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Марш сипатын ырғақты жүріспен беру,марш екпініне адымдап жүру.Музыканың қимылдық сипатын жеңіл,ырғақты жүгірумен беру. Билер:Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау. Ойындар,хороводтар:Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге,хор айтуды,музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.Түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау. Күтілетін нәтиже: дыбыстарды ажыратады,	Музыка тыңдау: Шығармалардың эмонционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту: Дауысымен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді екі үш жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Билер: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Ойындар, хороводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналу мен шығармашылық тапсырмаларды орндауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Күтілетін нәтиже: Ырғақты сезінуге, «жай және тез»,

	әуенді таза айтады. Жұптық және шашыраңқы тұра біледі. Таныс әндерді сылдырмақпен сүйемелдеп ойнайды. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды).	«ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге дағдыландыру. Әннің сөздерін жетекшімен айтады, музыкалық көңілді би қимылдарын қызығушылық танытады.
Қазан	Музыка тыңдау: Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау. Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Билер: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: Таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады.	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Ән айту: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын – жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Ойындар, хороводтар: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау. Күтілетін нәтиже: Жоғағы дауыс пен төменгі дауыспен ән салады, қол қозғалыстарын жақсы біледі. Таныс би қимылдарымен еркін билей алады. Аспаптардың дыбыстарын ажырата алады.

Қараша	Музыка тыңдау: Өртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес өртүрлі қарқынмен секіру. Ойындар, хороводтар: Пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: қарапайым әндер мен күйлерді ажырата алады. Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі.	Музыка тыңдау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Ойындар, хороводтар: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау. Күтілетін нәтиже: Музыканың сүйемелдеуімен биік ноталарын айта алады. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды;
Желтоқсан	Музыка тыңдау: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ән айту: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен	Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ән айту: Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақстан

	дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды. Таныс би қимылдармен би шығара алады.	халықтарының халық билерінің элементтерімен таныстыру. Ойындар, хороводтар: Заттармен қимылдар жасай білу, сюжетті ойындарды сахналау. Би шығармашылығы: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Түлі қарқындағы музыканы ажырата біледі. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындайды, ойындарда таныс би қимылдарын қайталайды.
Қаңтар	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде	Музыка тыңдау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес

	қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру.Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Ойындар,хороводтар:Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Домбыра аспабының сүйемелдеуіндегі музыкалық аспапта ересектердің орындауындағы күй әуенін тыңдау.Фортепиано аспабында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау. Күтілетін нәтиже: Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды. Жұптық билерді жақсы орындайды.	өзгерту. Ойындар, хороводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналу мен шығармашылық тапсырмаларды орндауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Күтілетін нәтиже: Түлі қарқындағы музыканы ажырата біледі. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындайды, ойындарда таныс би қимылдарын қайталайды.
Ақпан	Музыка тыңдау: Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау. Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту. Марш екпініне адымдап жүру. Билер:Би қимылдарын өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу.	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Билер: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын

	Ойындар,хороводтар:Үлкен шеңберге және шашырап тұру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын жасайды. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтайды,түзеу бағытта жүреді. Ағаш қасықтарды соғып ойнайды.	шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ойындар, хороводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналу мен шығармашылық тапсырмаларды орндауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Күтілетін нәтиже: Марш екпінімен жақсы жүреді. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығара алады.
Наурыз	Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақ халқының аспабы домбыраның дауысын тыңдау. Ән айту: Ән сипатын ұғыну,әннің көңіл күйін бере білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға,музыканың кіріспесін ажырату,содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,би қимылдарын,билерді есте сақтау. Ойындар,хороводтар: Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы	Музыка тыңдау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы кадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Билер: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау. Ойындар, хороводтар: Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:

	бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Жұптық, шеңберге тұруды жетекшінің көмегінсіз жасай алады. Әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.	Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. Күтілетін нәтиже: Жоғағы дауыс пен төменгі дауыспен ән салады, қол қозғалыстарын жақсы біледі. Аспаптармен ертегілерде әуенмен қосылып ойнайды
Сәуір	Музыка тыңдау: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу. Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау. Билер: Би қимылдарын өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге, хор айтуды, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру.	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Би шығармашылығы: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Ойындар, хороводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналу мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Күтілетін нәтиже: Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратады. Таныс емес музыкамен оның негізгі көңіл-күйін бере отырып, қимылдайды. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды. Музыка ырғағына сай жетекшінің

	Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. Әуеннің сипатын тану, музыканың тактісімен алақандарды соғу Күтілетін нәтиже: Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдайды, әуенді дұрыс, нақты интонациямен орындайды. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды.	көмегімен аспапта ойнай алады.
Мамыр	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Ойындар, хороводтар: Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру.	Музыка тыңдау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Ойындар, хороводтар: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру.

	Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау. Шулы аспаптармен ойнау, оркестр құру. Күтілетін нәтиже: музыканың баяу немесе жәй екенін ажырата алады. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды	Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптардың аттарын білу, олардың тембрін тану. Қарапайым әуендерді ырғақпен ойнау, ойынды әнмен сүйемелдеу. Күтілетін нәтиже: Музыкадағы бейнелерді танып, ажыратып, әр әннің қимылын, бейнелей біледі. Музыканың сүйемелдеуімен биік ноталарын айта алады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды.
--	--	--